

**2013 жылға Аққайың ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына көтерме жәрдемақы және үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау ұсыну туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық мәслихатының 2012 жылдғы 20 желтоқсандағы N 9-2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 22 қаңтарда N 2092 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихаты аппаратының 2015 жылғы 10 наурыздағы N 5.2.1-13/45 хаты)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихаты аппаратының 10.03.2015 N 5.2.1-13 / 45 х а т ы ) .**

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы 18-бабы 8-тармағына сәйкес, Аққайың аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. 2013 жылға өтінген қажеттілігінің есебімен Аққайың ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына:

1) өтініш түскен кезеңнен жетпіс есептік айлық көрсеткішке тең сомада **к ө т е р м е ж ә р д е м а қ ы ;**

2) тұрғын үй алу немесе салу үшін өтініш түскен кезеңнен бір мың бес жүз есептік айлық көрсеткіштен аспайтын маманның өтінген сомасында бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау ұсынылсын.

2. Осы шешімнің 1-тармағы 1), 2) тармақшаларының күші ветеринария саласында қызметті жүзеге асыратын ветеринарлық пунктерінің ветеринарлық мамандарына **қ о л д а н ы л а д ы .**

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң **қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .**

<p>V шақырылған IX сессияның төрағасы және Аққайың аудандық мәслихатының хатшысы</p>	<p>К. Құрманбаев</p>
--	----------------------

<p style="text-align: center;">К е л і с і л д і :  2012 жылғы 20 желтоқсан  "Аққайың аудандық ауыл  шаруашылығы және ветеринария  бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  бастығы</p>	<p style="text-align: center;">С. Әбділманов</p>
<p style="text-align: center;">"Аққайың аудандық экономика  және қаржы бөлімі" мемлекеттік  мекемесінің бастығы</p>	<p style="text-align: center;">Т. Власова</p>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК